

**«Кенжегул ана»бөбекжай балабақшасы»жауапкерлігі  
шектеулі серіктестігі**

**Педагогикалық кеңестің хаттамасы  
2024-2025 оқу жылы**

## ХАТТАМА

28.08.2024жс

Жаңадала ауылы

Қатысқандар-7

### Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық кеңестің төрағасы және хатшысын сайлау.  
«Кенжегул ана»бөбекжай бақшасының 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарын бекіту.
2. Ұйымдастырылған іс әрекеттердің кестесін, күн тәртібін бекіту.
3. Топтардың жабдықталуы, жаңа оқу жылына дайындығы - салыстырмалы тексеру қорытындысы.
4. 2024-2025 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.

**1.Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі:Г.Назаркулова бүгінгі педагогикалық кеңесті өткізбестен бұрын балабақшаның барша педагогтарын жаңа 2024-2025 оқу жылымен құттықтады. Педагогтарға жаңа оқу жылында шығармашылық табыстар,сәттілік тілеп кеңесті бастады. Биылғы жылдың педагогикалық кеңес төрайым меңгерушісі:Г.Назаркулова ал, хатшысы болып Л.Зиябекова болып сайланады деді. Барлық педагогтар келісті. Сонымен қатар жаңа оқу жылының жылыдық жоспарымен толықтай педагогтар таныстырылды. Жоспар бойынша әр тәрбиеші бала тәрбиесі жөнінде маңызды мәселелер талқыланып шешілді. Биылғы жылы «Әжелер мектебі», «Жас аналар мектебі» бағдарламасы бойынша тәртіпке сай балалармен бір қатар жұмыстар жүргіземіз деп айтылды. Бұл бағдарламаны қандай тәртіпте жүргізетініміз талқыланып оған барлық қызметкерлер келісетінін айтты. Меңгеруші Р.Бекмирзаева біздің басты мақсатымыз. Балаларға бес білім дағдысы бойынша тәрбие мен білім беру болып табылады деді. Бес білім дағдысының балаларды қалай дамытатыны жеке-жеке талқыланды. Тәрбиешілер бала тәрбиелеудегі өз мақсат-міндеттеріңізді нақты түсіне алдыңыздарма деген сұраққа жас мамандар ізденіс үстінде болатынын әрі қарай дамыту жұмыстарын жасайтынын айтты.

**2. Сөз сөйледі: Г.Назаркулова** Балабақшаның күн тәртібі педагогтар және балабақша медбикесі:Г.Назаркулова мен бірге қаралып талқыланып жұмыс уақытының тоғыз сағаттық режиміне сәйкестендіріліп құрылып бекітілді. Сонымен қатар сабақ кестесі биылғы жылғы перспектива мен циклограммаға негізделіп жасалып бекітілді. Бес білім дағдысын қамту кіріктірілген сабақты жүргізген кезде күнделікті игерілетін болады. Сабақ кестесі де осыған орай негізделген.

**3. Сөз сөйледі: Г.Назаркулова** жаңа оқу жылында балаларға тәрбиелеу мен білім беру процесінде сабақты әр түрлі ойындар арқылы өткізілуі қажеттігін ол үшін қолымызда бізге көмекші құралдар көрнекіліктер болуы керектігін атап өтті. Бес білім дағдысы бойынша көрнекі құрадар жинағын сатып алуды. Соның ішіндегі ойындар мен суреттер арқылы сабақты тиімді жүргізуді ұсынды. Тәрбиешілер келісті.

Сондай-ақ топтарды жаңа жабдықтармен толықтыру керектігінде айтты. Туған кешіне арналған, топта табиғат бұрышы, кітап сөрелері жабдықталып әр кім өз тобын қолдан жасалған көрнекіліктермен толықтыруды тапсырды. Тәрбиешілер келісті.

**4. Сөз сөйледі: Г.Назаркулова** 2024-2025 оқу жылының мектепке дейінгі әдістемелік нұсқау хатында педагогтардың жұмысты тиімді жүргізуге арналғанын айтты. Жыл бойына балаларға қай бағытта жұмыс жүргізілуі оның балаларға әкелер пайдасы орасан зор етіп көрсетілгендігі айтылды. Балаларға дәл қай тақырыпта білім беруге болады оны қандай тәртіппен жүргізуге басқа саламен байланыстыра өткенде қандай нәтиже шығаруға болатынын нұсқаған. Балаларға бес білім дағдысын үйрете отырып отанға,елге қамқорлық сезіміне тәрбиелеу,сондай-ақ патриотизмге баулу,ата-анаға құрмет кішіге ізет көрсету сезімдеріне тәрбиелейді. Балаларға экологиялық білімдерін жетілдіруіне. Салт –дәстүрімізді сақтап, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге жетелейді деп түсіндірді. Балалардың мониторинг бағалау стратегиясында сөз етілді балаларды бастапқы аралық, қорытынды мониторинг бойынша даму деңгейі анықталып жыл соңында жеке даму картасы жүргізілетіні ай тылды.Тәрбиешілер келісті.

## Шешім:

1. Жаңа оқу жылында жылдық жоспар бойынша жұмыстар жүргізілсін. Ерсек топтарда білім күніне орай ашық сабақтар жүргізілсін.
2. Барлық топтар жаңа оқу жылына орай жабдықталсын.
3. Балабақшаның білім беру мен тәрбиелеу процесінде мектепке дейінгі ұйымдардағы әдістемелік ұсынымхатқа сәйкес нәтижелі жұмыстар атқарылсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



Г. Назарсулова

Д. Зиябекова

## ХАТТАМА

03.10.2024жс

Жаңадала ауылы

### Қатысқандар-7

#### Күн тәртібінде:

1. Өткен педкеңес шешімінің орындалуының есебі.
2. «Вариативтік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру» талқылау
3. Балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының мониторингісі.
4. Таңғы жаттығуларды бақылау нәтижесі ( кіші, ортаңғы топтары.)
5. Өткізілетін іс-шаралар жөнінде кеңестер мен талқылаулар жүргізу.
6. Бір тұтас тәрбие бағдарламасын талқылау және жоспар құру.

**1.Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі:Г.Назаркулова өткен педкеңестің шешеімі ойдағы орындалып жатыр деп есептеймін. Барлық педагогтар күн тәртібі бойынша жұмыс жүргізіп, топтарыңыздағы топ бұрыштарын толықтырдыңыздар,баршаңызға берілген сабақ кестесі, ҮОЖ бар сол арқылы жұмыс жүргізіп отырсыздарма -деп сұрады? Барлық педагог сабақ кестесі бойынша циклограмма барысында жұмыс жүргізіп, ашық сабақтары өткізіліп жатыр деп мәлімдеді. Медбике:Г.Назаркулова барлық топтың тазалығы күнделікті қадағаланып,дезинфекция құралдары жеткілікті екенін баяндады.

**2.Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі:Г.Назаркулова сіздерге биылғы оқу жылында берілген вариативті компонент бойынша аптасына ересек топта екі рет,ортаңғы опта бір рет өткізіледі. Вариатив не үшін қажет деп ойласаңыз ол балаларға ой-өрісін дамытуға, адалдыққа,адамгершілікке,бір –біріне мейірімді болуға үлкенге құрмет-кішіге ізет студі үйренеді.Әдептілікке үйренеді. Вариативті компонентті бағдарламаға сәйкес жүктемісіне қарай тура жүргізіңіздер. Сонымен қатар әр тақырыпқа сай көрнекіліктеріңіз болуы керек. Әр өткен сабақтарыңыздан балаларға бір нәтиже берілсін деп тапсырды. Тәрбиешілер келісті.

**3.Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі:Г.Назаркулова балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасу бастапқы мониторингі нәтижесі туралы талқылады. Құрметті апайлар бастапқы мониторинг нәтижесі аса қатты оң нәтиже көрсетпеген себебі неде деп ойлайсыздар? Менің ойымша балалар жазғы демалыстан кейінгі жас ерекшелігіне байланысты білім алу деңгейі төмен болып тұр. Педагогтар менің сіздерге айтарым балаларға білім беру процесінде әр қайсысының мінез-құлқы мен әрекеті,ойлау қабілетіне көбірек көңіл бөлу керек.

Балалардың білім алуға, балалармен жұмыс барысында қарым-қатынас жасауына, әлсіз тұсына жіті мән беріп баланың сол жерімен көбірек жұмыс жүргізілуі қажет алағды мониторинг нәтижесі ойдағыдай болады деп сенемін. Тәрбиешілер келісті.

**4.Сөз сөйледі:** балабақша медресесі:Г.Назаркулова күн тәртібіне сай таңғы жаттығу күнделікті таңертең бір мезгілде жүргізіледі. Ұзақтығы 4-5 минут, 3-4 жаттығудан тұрады. Балалар жалықпайтындай ауыстырып, ойын ретінде де жүргізуге болады. Гимнастика мазмұны жүруден, жүгіруден және секіруден тұрады. Бұл жастағы балаларға жаттығуды шеңберге тұрғызып жасатқызған қолайлы. Сылдырмақ, жалауша, кубиктер қолдануға болады. Жаз айларында далада өткізген дұрыс. Ал Ортаңғы топтарда таңғы жаттығу жүруден, жүгіруден, секіруден басталады. Жаттығу жоғарыдан төменге қарай жасалуы тиіс. Бұл жаста 4-5 жаттығу, ал уақыт мөлшері 6-8 минут болады. Жылдың басында шеңберде жасайды. Жылдың екінші жартысына қарай қатарға тұра алуы тиіс. Жаттығуды жасау үшін кубиктер, доптар қолдануға болады деп түсіндірді. Таңғы жаттығудың нәтижесіне келер болсақ кіші және ортаңғы топтың балалары күнделікті жаттығуларды жасауға дағдыланған. Балалар түрлі қимылдарды еркін жасай алады деп мәлімдеді.

**5.Сөз сөйледі:** балабақша медресесі Г.Назаркулова өткізілген іс-шаралардың нәтижесімен бөлісті. Жаңа оқу жылы басталағалы өткізілген іс-шаралар мен АҰІӨ өз деңгейінде болды деп есептеймін. Әйтседе балаларға сахнаға шыққан кездегі өзін еркін ұстауы, қысылмай сөйлеуге дағдыландыру керек деп айтты. Балаларға мәнерлеп айту дағдысын да қалыптастыру керек, сондай-ақ хормен өлеңді айтқан кезде бір-бірін тындап бір сарында ән айтуға қалыптастыру керекпіз. Әр іс-шараны тақырыбына сай етіп өтіп, мақсатына жете алуларыңыз керек. Музыка жетекшісі сіз балаларға әр мерекеде айтуға патриоттық әндерді айтқызып үйрету керектігін тапсырамын. Музыка жетекшісі келісті.

**6.Сөз сөйледі:** балабақша медресесі:Г.Назаркулова биыл бізге бір тұтас тәрбие бағдарламасы енгізілген. Осыған орай біз биылғы жылдық жоспар бойынша өткізілетін іс-шараларға байланыстыра отырып «Бір тұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруымыз керек. Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Дәл осы өскелең ұрпағымыз ұлттың сапасын құрайды. Сондықтан да қадір-қасиет, ар-намыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, үлкенге ізет, кішіге құрмет сияқты қасиеттерге ие шығармашыл азаматты тәрбиелеу маңызды. Міне, сондықтан Ұлттық құрылтайдың отырысында Мемлекет басшысы білім беру саласына қатысты бірқатар негізгі міндеттерге тоқталған болатын. «Ұлттық тәрбие – ел болашағы» тәрбиесінің тұжырымдамалық негіздері енгізіліп жатыр. Жаңа оқу жылынан бастап 2024-2025 жылдарға арналған «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы іске асырылуда. Бұл құжат жалпы адамзаттық



## ХАТТАМА

03.12.2024ж

Жаңадала ауылы

Қатысқандар-7

### *Күн тәртібінде:*

- 1.Өткен пед. кеңес шешімінің орындалуына есеп беру.
- 2.Өткізілген іс-шаралар есебі нәтижелерін талқылау.
- 3.Тәуелсіздік мерекесінің өткізілуін талқылау.
- 4.«Бір тұтас тәрбие бағдарламасы» жоспар бойынша жүргізілу барысына талқылау,педагогтардың кемшіліктерімен ұсыныстарын ортаға салу. Ересек топ.
- 5.Балалардың дене шынықтыруда ұлттық ойындарды игеру деңгейі ортаңғы топ

**1.Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі:А.Жамантай өткен кеңес шешімі бойынша бір тұтас тәрбие бағдарламасының жоспарына сай өткізілген іс-шараларды ортаға салды. Өткізген іс-шарамыз балаларды бір тұтас тәрбиеге бағыттаған болуы керек. Шара барысында ұлттық құндылықтармен танысып,елін,жерін сүйетін патриот азамат тәрбиелеуіміз керек. Балалар достық, мейірімділік,адалдық сияқты сезімдері мен табиғатқа,үлкен кісілерге құрметпен қарау сияқты құндылықтарды игеруі тиіс. Біздің бір тұтас тәрбие бойынша жүргізген жұмыстарымыз балаларды осы бағытқа апаруы тиіс еді. Алайда жүргізген жұмыстарыңызға қанағаттанарлық деп бағалаймын. Алдағы уақытта сапалы жұмыс атқарасыздар деп сенім білдіремін. Тәрбиешілер келісті. Сонымен қатар вариативті компонент бойынша әр тақырыпқа сай қолданылатын көрнекіліктеріңіз болуы тиіс, тақырыпқа сай альбомдар. Болуы шарт.

**2. Тыңдалды:** балабақша тәрбиешісі:Н.Пазылхан вариативті компонент бойынша ертегілер еліне саяхат тақырыбында өз тобында жұмыс жүргізгенін айтты. Ертегі арқылы балалардың көпшілікпен еркін қарым –қатынас жасауға болатыны сондай-ақ, сөйлеу тілін дамытуға ,камқорлық сезімдерін аша аламын деп жауап ерді.

**3.Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі:А.Жамантай алдағы келе жатқан тәуелсіздік мерекесіне дайындықты бастаңыздар. Ертеңгілікті өткізген кезде балаларға қару- жарақ қолға алуға немесе сол туралы қойылымдар қоюға тиым

салынады. Өткізетін ертеңгілік тек тәуелсіздік құрбандарын ұлықтау мен еске алу болып өткізілсін. Балалар тақпақ айтып, би билесе болады. Сонымен қатар, балалардың қауіпсіздігі қатаң сақталсын.

**4.Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі:А.Жамантай бір тұтас тәрбие бағдарламасының жоспары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды талқылады. Қыркүйекте еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы, қазанда тәуелсіздік және отаншылдық айы, карашада әділдік және жауапкершілік айы тақырыпқа сәйкес жүргізілген жұмыстарды саралайтын болсақ, біздің мақсатымыз балаларға осы бағдарлама арқылы қамқор болуға, мейірімді болуға, жанашыр болуға тәрбиелеу. Осы айларда жүргізген жұмыстарымыздың нәтижесіне жете алдық па? деген-сұраққа жақсы деген баға қояр едім деп айтты А.Жамантай Алдағы желтоқсан айындағы ынтымақ пен бірлік айында мен сіздерге балаларды ынтымаққа,бірлікке тәрбиелейтін жұмыстар жүргізуді тапсырамын. Ертегілер еліне саяхат жасап ,ертегі кейіпкерлерімен балаларды таныстырып,олардың іс-әрекетімен мінез-құлықтарын ажрата алатындай алдарыңызға мақсат қойыңыздар. Ертегіні сахналап балалардың сөйлеу, сөздік қорын дамытыңыздар. Тәрбешілер келісті.

**5. Тыңдалды:** тәрбиеші Л.Зиябекова мен Ұ.Жұмабай ынтымақ пен бірлік айында «Шалқан» және «Үйшік» ертегісін сахналап шығатын айтты.

**6. Сөз сөйледі:** меңгеруші:А.Жамантай балаларға дене шынықтыру сабағын қандай деңгейде жүргізіп жатқандығын сұрады. Дене-шынықтыру сабағында балаға не үйретіліп жатқандығы жөнінде сөз қозғады. Сұрақтар қойылды.

**7. Тыңдалды:** ортаңғы «Қарлығаш» тобының тәрбиешісі:Н.Пазылхан апай балаларға таңертеңгі жаттығуды жасауды қоса алғанда сабақ барысында циклограмма бойынша түрлі дене жаттығуларын жасап жатқандығын айтты. Бірақ балаларға ұлттық ойындарды да қосымша жүргізіп отырмын деп жауап берді. Бірақ бір аптаға тек бір ұлттық ойынды апта бойына қайталатып ойнатып жатқандығын айтты. Осы жағдайда балалар ұлттық ойынды жақсы меңгереді деп сөзін аяқтады тәрбиеші Н.Пазылхан

**8.Сөз сөйледі:** меңгеруші:А.Жамантай тәрбиеші Н.Пазылханға аптасына бір жүргізіп жатқан ұлттық ойындарынның дұрыстығын айтып қолдады.



## ХАТТАМА

06.03.2025ж

Жаңадала ауылы  
Қатысқандар-7

### *Күн тәртібінде:*

1. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»
2. Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет жылдық жоспарындағы өтілген шаралар бойынша есеп
3. Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

**Тыңдалды:** Балабақша медбикесі: Г. Назаркулова Балабақшада балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту – олардың толыққанды дамуы мен бақытты балалық шағының негізі. Бұл мақсатқа жету үшін келесі негізгі бағыттарға назар аудару қажет деді. Дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібі Балалардың физиологиялық және психологиялық қажеттіліктерін ескере отырып, күн тәртібін құру маңызды екендігін, Бұл олардың денсаулығын нығайтып, дене дамуын жақсартатындығын, тәбетін арттырып және ұйқысының толыққанды болуын қамтамасыз ететіндігін айтты. Шынықтыру және сауықтыру шаралары бойынша Балалардың ағзасын нығайту үшін табиғи факторларды пайдалану тиімді. Мысалы, таңертеңгілік жаттығулар, серуендеу, су процедуралары және массаждың қарапайым түрлері балалардың денсаулығын жақсартады деді. Дене тәрбиесі және қозғалыс белсенділігі Балалардың қимыл белсенділігін арттыру олардың дене дамуын қамтамасыз етеді және түрлі аурулардың алдын алады. Дене тәрбиесі сабақтары, спорттық ойындар мен жаттығулар арқылы балалардың қозғалыс дағдыларын дамытуға болады деді. Балабақша мен ата-аналар арасындағы тығыз байланыс та балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуда маңызды рөл атқаратындығын, Ортақ күш-жігер арқылы ғана балалардың дені сау, бақытты және толыққанды дамуына қол жеткізуге болатындығын айтып өтті.

**Сөйледі: Тәрбиеші: Л. Зиябекова** Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында жыл бойы жоспарланған іс-шаралар сәтті жүзеге асырылды. Бұл іс-шаралар балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілігін нығайтуға бағытталды. Аптасына бір рет өткізілген экологиялық сабақтарда балалар табиғат құбылыстары, өсімдіктер мен жануарлар әлемі туралы мәліметтер алды. Бұл сабақтар олардың экологиялық сауаттылығын арттырып, табиғатқа деген қызығушылығын оятты. Айына бір рет ұйымдастырылған табиғатқа экскурсиялар барысында балалар жақын маңдағы саябақтар мен ормандарға барып, өсімдіктер

мен жануарларды табиғи ортада бақылап, олардың ерекшеліктерімен танысты. Бұл тәжірибе балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырды. «Ағаш отырғызу», «Қоқыстан тазарту» сияқты экологиялық акциялар ұйымдастырылып, балалар белсенді қатысты. Бұл шаралар олардың қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілігін нығайтты. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында сурет салу, қолөнер бұйымдарын жасау сияқты конкурстар өткізілді. Бұл конкурстар балалардың экологиялық мәселелерге деген көзқарасын білдіруге мүмкіндік берді. Ата-аналардың қатысуымен экологиялық тақырыптағы семинарлар мен тренингтер ұйымдастырылды. Бұл шаралар отбасында да экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етті. Жылдық жоспарға сәйкес өткізілген іс-шаралар балалардың экологиялық білімін арттырып, табиғатқа деген сүйіспеншілігін нығайтты. Алдағы уақытта да осындай іс-шараларды жалғастыру жоспарлануда.

**Сөйледі:** меңгеруші А.Жамантай «Ата-аналарға арналған консультациялық пункттерді ұйымдастыру балалардың жан-жақты дамуы мен отбасындағы тәрбиені қолдауға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Бұл пункттер мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған балалардың ата-аналарына әдістемелік және консультациялық көмек көрсетуді мақсат етеді. Консультациялық пункттер білім басқармасының (бөлімінің) шешімі бойынша мектепке дейінгі ұйымдар базасында құрылады. Ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету Балалардың дамуындағы мәселелерді анықтау және диагностикалау, дене бітімі, психологиялық және әлеуметтік дамуындағы ауытқулардың алдын алу». Ата-аналарға балалардың денсаулығы, тамақтануы, шығармашылық және коммуникативтік дағдыларын дамыту бойынша ақпараттық қолдау көрсету деп айтты. Осы ұсынымдарды орындау арқылы ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің тиімді жұмысын ұйымдастырып, балалардың жан-жақты дамуына және отбасындағы тәрбиенің сапасын арттыруға қол жеткізуге болады деді.

### Шешімі:

Бала денсаулығын шынықтыру және сайықтыру бойынша қосмша жоспар құрылсын.

Наурыз, Сәуір айларында аулада ағаш, гүл отырғызу шаралары балалармен бірге жүргізілсін.

Консультативтік пункт бойынша кеңес бері шараларына логопед жоспары бекітілсін.

Пед кеңес төрайымы:

Хатшы :



## ХАТТАМА

06.05.2025ж

Жаңадала ауылы

Қатысқандар-7

### Күн тәртібінде:

- 1.Өткен педкеңес шешімінің орындалуына есеп беру.
- 2.Серуенді іске асыру және ұйымдастыру бойынша бақылау парақтары нәтижесі(ересек, ортанғы топтар.)
- 3.«Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жұмыстарын ұйымдастырудың нәтижесі ересек топ

**1.Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі:А.Жамантай өткен кеңес шешімі бойынша сөз қозғады. Желтоқсан айындағы тәуелсіздік мерекесін балалардың жас ерекшелігіне сәйкес челлендж ұйымдастыру деңгейіне орташа жақсы деп бағалаймын. Осы мерекені өткізгендегі мақсатымыз балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу, ата-анаға, елге құрметпен қарау болатын. Сонымен қатар балалардың бір-біріне достық қарым-қатынасын арттыру болатын. Осы аталған мәселені тиісінше деңгейде жеттік деп есептеймін. Бір тұтас тәрбие бағдарламасына сәйкес өткізілген іс-шаралардың толық деңгейде орындалмай жатқанын алға тартамын деді-меңгеруші Р.Бекмирзаева біртұтас тәрбие бағдарламасын жоспар бойынша тиісті уақытта, тиісті көрнекіліктермен өтілуі керектігі, балалар көрнекіліктерді көзбен көріп, қолмен ұстап көрген жағдайда анығырақ түсінікті болары анық деді. Келесі оқу жылында бұндай оқиқылықтардың болмауын сұраймын әріптестер деп сөзін аяқтады. Өткен кеңес шешімі бойынша барлық топта ұлттық ойындардың барлық түрі балаларға таныстырылып ойнатылды. Осы ұлттық ойындар арқылы балаларға ұлттық салт-дәстүріміздің құндылығын жеткіздік деп ойлаймын.

**2.Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі:А.Жамантай 2024-2025 оқу жылының жоспарына сәйкес балаларға ұйымдастырылған серуен бойынша жалпы қорытынды нәтижесін айтар болсам серуен кезінде балалардың көңіл-күйі көтеріңкі болды. Тәрбиеші барлық баланы бірдей ұйымдастыра алдыңыз. Серуен кезінде спорттық ойындар ойнатып олардың спортқа деген қызығушылығын аштыңыз деп есептеймін. Сондай-ақ серуен кезінде балаларды табиғаттағы құбылыстармен таныстырып оларға жүргізілген зерттеу балаларымыздың табиғатқа деген қамқорлығын оятты, арттырды десе артық болмас, алдағы уақытта балаларды дамытуда тың идеялармен белсенді жұмыс жүргізеді деп сенемін. Серуен бойынша

бақылау парақтарының нәтижесіне сәйкес осындай қорытынды жасаймын. Яғни сіздер балалардың табиғатқа , қоғамға деген жауапкершілігін арттыра алдыңыз деп есептеймін деп сөзін аяқтады.

**3.Тыңдалды:** ересек және ортаңғы топ тәрбиешілері серуен кезінде балалармен не нәрсеге көбірек мән беру керек, балалармен серуенге шыққанда қандай дайындық жасалып алу керектігін түсіндік. Сонымен қатар балаларға серуеннің көп пайдасы бар екенін түсіндік. Алдағы уақытта серуенге шықсақ толыққанды дайындықпен шығып тиісті нәтижеге жетеміз дем сенім білдіреміз деп сөзін аяқтады.

**4. Сөз сөйледі:** меңгеруші А.Жамантай 2024-2025 оқу жылының жоспарына сәйкес «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» жұмыстарын ұйымдастыру бойынша нәтиже қанағаттанарлық деңгейде екенін айтты. Биыл біз осы аталған жұмыстар бойынша қарқынды жұмыс жүргізе алмағанымызды мойындауымыз керек. Барлықтарыңызға тиісті тапсырма берілді.Нақты жоспар көрсетіліп түсіндірме жұмыстары жүргізілді.Солай бола тұра біз биылғы жылда керемет нәтижеге жете алмадық. Келесі оқу жылында сіздерге қатаң ескерту беремін. «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі» , «Әкелер мектебі» жұмысына жауапкершілікпен қарап тиісті деңгей көрсетесіздер деп үміттенемін деп сөзін аяқтады. Тәрбиешілер келісті. Ал биылғы жылғы жүргізген жұмыстарыңызға қанағаттанарлық деп бағалаймын.

**5. Тыңдалды:** барлық топ тәрбиешілер биылғы жылы барлық жұмыстардың жүргізілу барысын жақсы түсініп алғандығын алдағы уақытта қандай іс-шаралар болса да тиісті деңгейде өткізе аламыз деп сөздерін аяқтады.

### Шешім:

1. Алдағы уақытта жоспардан тыс ортаңғы және ересек топқа серуен ұйымдастырылсын. Серуен кезінде балалардың қауіпсіздігі сақталсын.
2. Алдағы уақытта тиісті деңгейде өткізілмеген жұмыстар қайта өткізісін ересек топтарда.
3. Бір тұтас тәрбие жоспарына сәйкес ұйымдастырылсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



Жамантай

Бекбова